Исх. № 14/906 от 22.01.2026

ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
АППАРАТЫ

АППАРАТ
АКИМА ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

МӘЖІЛІС ХАТТАМАСЫ

ПРОТОКОЛ СОВЕЩАНИЯ

Түркістан қаласы №9 2026 жылғы 15 қаңтар

Төрағалық етуші: Түркістан облысының әкімі Н.О.Көшеров

Қатысқандар: тізім бойынша

Іс-шараға дайындық жұмыстары туралы

«Түркістан» халықаралық әуежайы бойынша:

1. Облыс әкімінің бірінші орынбасары **(З.Жолдасов)**, облыс әкімінің орынбасары **(Е.Алтаев)**, Түркістан қаласының әкімі **(Ә.Пазылбекұлы),** Сауран ауданының әкімі **(М.Таңғатаров),** құрылыс басқармасы **(А.Тұрханов),** жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы **(Қ.Жұматаев),** табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы **(Ғ.Төлепов),** «Түркістан» халықаралық әуежайы **(м.а. С.Мамырбеков – келісім бойынша)** заң талаптарына сәйкес:

1.1. «Түркістан» халықаралық әуежайына келетін қонақтарды қарсы алуға дайындық аясында барлық қажетті шараларды қабылдасын *(әуежай ғимаратының қасбеттерін, ауласын тазалау, жол белгілері мен сызығын жаңарту, жарық шамдарын ауыстыру, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру, лэд-экран мен баннерлерді келісілген эскизге сәйкес ауыстыру, қоршаулар мен автокөлік тұрақтың шатырын ретке келтіру, флагштог сандарын көбейту, трапқа төселетін кілемді тазалау, қажеттілігіне қарай қосымша қарастыру).*

Орындау мерзімі: 10.03.2026 ж. дейін.

1.2. Әуежайдың VIP залына кіреберісінің қасбеттерін ретке келтіру, үлкен столды, еденді *(паркет)* қайта қалпына келтіру *(реставрация)*, жарықтандыруды күшейту, ішкі бөлмелердің қабырғаларын жаңарту жұмыстарын жүргізсін.

Орындау мерзімі: 10.03.2026 ж. дейін.

1.3. Ұшу терминалына өтетін қақпаның жанына ақ тас төсеуді *(келісілген эскизге сәйкес)* қамтамасыз етсін.

Орындау мерзімі: 10.03.2026 ж. дейін.

2. Сауран ауданының әкімі **(М.Таңғатаров)** заң талаптарына сәйкес:

Әуежайдан бастап Б.Саттарханов даңғылына қарай жол жағалауын қоршау бойынша түрлі эскиздерді ұсынсын.

Орындау мерзімі: 23.01.2026 ж. дейін.

DOC ID KZ00010202601728772 1C0FA7B

«Конгресс Холл» кешені бойынша:

3. Облыс әкімінің орынбасары **(Қ.Қайыпбек)**, облыс әкімі аппаратының басшысы **(Е.Дауылбаев)**, құрылыс басқармасы **(А.Тұрханов),** мәдениет басқармасы **(м.а. Ә.Қонысбеков)** заң талаптарына сәйкес:

3.1. Ғимараттың кіре берісіне *(холл)*, мәжіліс өтетін залға, ВИП-бөлмеге ковролан төсеу бойынша ұсыныс *(өлшемі, түсі, түрі)* енгізсін.

Орындау мерзімі: 23.01.2026 ж. дейін.

3.2. Орталық сахнаны, мәжіліс залдарын, дәліздердің қабырғаларын жаңарту, дәліз қабырғаларын біркелкі қаптау *(безендіру)* бойынша ұсыныс енгізсін.

Орындау мерзімі: 23.01.2026 ж. дейін.

3.3. Флагштог санын көбейту және туларды орналастыру бойынша ұсыныс *(келісілген)* енгізсін.

Орындау мерзімі: 20.02.2026 ж. дейін.

4. Сауран ауданының әкімі **(М.Таңғатаров),** сәулет және қала құрылысы басқармасы **(Қ.Асанов)** заң талаптарына сәйкес:

Мәжіліс залына орнатылатын дөңгелек стол және орындықтар бойынша ұсыныс *(эскиздер)* енгізсін.

Орындау мерзімі: 23.01.2026 ж. дейін.

5. Түркістан қаласының әкімі **(Ә.Пазылбекұлы),** құрылыс басқармасы **(А.Тұрханов),** жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы **(Қ.Жұматаев)** заң талаптарына сәйкес:

5.1. «Конгресс холл» кешеніне делегация автокөлігінің кіріс-шығысы бойынша ұсыныс енгізсін.

Орындау мерзімі: 23.01.2026 ж. дейін.

5.2. «Вусонг» университетіне баратын қосымша кіреберіс жолды ашу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

«Керуен Сарай» кешені бойынша:

6. Түркістан қаласының әкімі **(Ә.Пазылбекұлы),** «Керуен Сарай» кешені **(М.Онан – келісім бойынша)** заң талаптарына сәйкес:

Кешен ғимаратының қасбеттерін, ауласын тазалау, автокөлік тұрағының жол белгілері мен сызығын жаңарту, жарық шамдарын ауыстыру, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жандандыру, лэд-экран мен баннерлерді келісілген эскизге сәйкес ауыстыру, флагштог сандарын көбейту, қайықтарды жаңарту бойынша жұмыстарды жүргізіп, қонақтардың шоуды тамашалау алаңының жаңа жобасын ұсынсын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

DOC ID KZ00010202601728772 1C0FA7B

Этноауыл бойынша:

7. Облыс әкімінің бірінші орынбасары **(З.Жолдасов)**, Түркістан қаласының әкімі **(Ә.Пазылбекұлы),** мәдениет басқармасы **(м.а.Ә.Қонысбеков),** туризм басқармасы **(м.а. Ж.Утегенов)** заң талаптарына сәйкес:

7.1. Қонақтарға арналған салтанатты көрсетілімнің *(түркі мемлекеттерінің жауынгерлері, өнерлері)* жобасын ұсынсын.

Орындау мерзімі: 31.01.2026 ж. дейін.

7.2. Этноауыл ішіндегі бөлмелерді безендіру бойынша ұсыныс әзірлеп, кіретін қақпаның биіктігін жоғарлатсын.

Орындау мерзімі: 31.01.2026 ж. дейін.

8. Түркістан қаласының әкімі **(Ә.Пазылбекұлы)** заң талаптарына сәйкес:

8.1. Әуежай аумағына биіктігі 2 метрден кем болмайтын ағаштар, жол бойына ағаш бұталарды *(туя)* отырғызу жұмыстары жүргізіліп, жол жиектерін тегістеу жұмыстары аяқталсын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.2. Әуежай тас жолы бойындағы бос аумақтарға түнгі жарықтандыру орнатылып, жол бойына орнатылған жарық бағаналарына түнгі қосымша жарықтандыру диоттарын орнату жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.3. Әуежай тас жолы мен Б.Саттарханов даңғылы қиылысына айналма жол құрылысы жүргізіліп, абаттандыру жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.4. Әуежай тас жолы бойында орнатылған стеллалар жаңартылып, жол бойындағы отырған жол жабындыларын қайта қалпына келтірілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.5. «Эко базар» ғимаратының қасбеттерін бірегейлендіру жұмыстарын жүргізсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.6. Конгресс холл кешені аумағындағы жарықшам бағаналары әрленіп, аяқ жолдар жаңартылып, ағаштар мен ағаш бұталарын *(кустарник)* отырғызу жұмыстары жүргізіліп, кемшіліктер толықтай ретке келтірілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.7. Вусонг университеті кешенінде сыртқы қасбеттерінде орналасқан желдеткіштерді қаптау жұмыстары және сол аумақта орналасқан тұрғын үй кешендерінің сыртқы қасбеттерінде орналасқан желдеткіштерді қаптау жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

DOC ID KZ00010202601728772 1C0FA7B

8.8. Батырбеков көшесі бойында құрылысы жүріп жатқан ғимараттың құрылыс жұмыстары тез арада аяқталып, сол көшедегі орнатылған аялдама жаңартылсын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.9. Назарбаев аллеясы, Қ.А.Яссауи кесенесі аумағына кіші архитектуралық пішіндер *(МАФ)* жаңадан орнатылып, Б.Саттарханов даңғылы бойындағы кіші архитектуралық пішіндерді *(МАФ)* қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.10. 5000 орындық мешіт аумағына қосымша 500 орындық автотұрақ салу жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.11. Б.Саттарханов даңғылы бойындағы қоршауларды, жайлы үйлер шатырларына әрлеу жұмыстары жүргізіліп, даңғыл бойындағы ретсіз орналасқан жарнама, кәсіпкерлік нысандар ретке келтірілсін. *(киіз үйлер, соққы, ойын аппараттары)*.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.12. Б.Саттарханов даңғылы бойындағы асфальт жабындысын қырлы мастикалық асфальтобетон *(ЩМА)* жабындысына ауыстыру жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.13. Б.Саттарханов даңғылы бойындағы айналма жолда орналасқан тауыс *(павлин)*, қоршауларды жаңарту жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.14. Б.Саттарханов даңғылы жол жиегіне ағаш бұталар *(кустарник)* отырғызып, даңғыл бойындағы ағаштар ретке келтірілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.15. Мәдени рухани орталық аумағындағы барлық турникеттерді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.16. Қолөнершілер орталығының күндізгі және түнгі қасбеттерін ретке келтіріп, нысан аумағына бағаналар *(торшерлер)* орнату, нысанның ішкі терзелерін күңгірттеу жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.17. Қолөнершілер орталығында шығыс шатырын орналастыру бойынша ұсыныс енгізсін.

Орындау мерзімі: 31.01.2026 ж. дейін.

8.18. Әзірет Сұлтан кесенесі аумағын шыны қоршаулармен қоршау жұмыстары атқарылсын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.19. Әзірет Сұлтан кесенесі аумағындағы құрылыс қоқыстары толықтай тазартылсын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.20. Этноауыл кешеніндегі гүл алаңшасы орнына сахна құру жұмастары жүргізілсін.

DOC ID KZ00010202601728772 1C0FA7B

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.21. Этноауыл кешенін қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, *(әктеу, бояу сырлау, тазалау, киіз үйлерді қайта қалпына келтіру)* дәретхана салу құрылыс жұмыстары жасалынсын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.22. Іссапар маршруты бойынша барлық аумақтардағы лэд экрандар, баннерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, қосымша жалаушалар орнатылсын.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

8.23. Жүріп тұрған электрокарларды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, қосымша сапалы жаңа 10 электрокарлар сатып алу жұмыстары жүргізілсін.

Орындау мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

Облыс әкімі **Н. Көшеров**

Подпись канцелярии
22.01.2026 20:13 ТОҒЫЗБАЙ МӨЛДІР
Подпись руководителя
22.01.2026 20:08 КУШЕРОВ НУРАЛХАН

DOC ID KZ00010202601728772 1C0FA7B

Данный электронный документ DOC ID KZ00010202601728772 1C0FA7B подписан с использованием электронной цифровой подписи и отправлен посредством информационной системы «Казахстанский центр обмена электронными документами» https://documentolog.com/.
Для проверки электронного документа перейдите по ссылке:https://documentolog.com/?verify=KZ00010202601728772 1C0FA7B

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 108 от 23.01.2026 г.
Организация/ отправитель	АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "МЕЖДУНАРОДНЫЙ АЭРОПОРТ ТУРКЕСТАН"
Получатель (-и)	АППАРАТ АКИМА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	Государственное учреждение "Аппарат акима Туркестанской области" Подпись руководителя: КУШЕРОВ НУРАЛХАН MIIRZwYJ...g2g80iA== Тип: НУЦ Время подписи: 22.01.2026 20:08
	Государственное учреждение "Аппарат акима Туркестанской области" Подпись канцелярии: ТОҒЫЗБАЙ МӨЛДІР MIIRqQYJ...hW/1eSg== Тип: НУЦ Время подписи: 22.01.2026 20:13

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

DOC ID KZ00010202601728772 1C0FA7B